

КОРЕЙ РЕСПУБЛИКАСЫ




I деңгей

- Корея Республикасы – Хангук корей тілінен аударғанда таң самалы деген мағынаны береді.
- Шығыс Азиядағы Корей түбегінде орналасқан мемлекет. Жер көлемі — 98,5 мың км². Жер көлемі бойынша әлемде 109 орын алады.
- Халқының саны — 48.87 млн. адам.

Атақты 3 тұлғасы



Пак Чи Сон – атақты футболшы



Чон Джихун (Bi Rain) - әнші, актер



Ли Сора – модель

Корей Республикасының туы

Ақ түс Кореяның ұлттық түсі болып саналады. Ортадағы белгі барлық затқа бір тұтас ретінде қарау керектігін көрсетеді (даосизм); бұл фигурада екі қарама-қарсы энергия орналасқан «инь» және «ян» (инь — көк түс, янь — қызыл).



Төрт триграммның мағынасы:

	Табиғат	Мезгіл	Әлемнің төрт бөлігі	Төрт қасиет	Отбасы	Төрт элемент	Мағынасы
	Бұлт	Көктем	Шығыс	Адамгершілік	Әке	Аспан	Әділеттілік
	Күн	Күз	Оңтүстік	Әділеттілік	Қыз	От	Жүзеге асу
	Ай	Қыс	Солтүстік	Интеллекттілік	Ұл	Су	Даналық
	Жер	Жаз	Батыс	Сыйластық	Ана	Жер	Өміршеңдік

II деңгей Тілі

□Корей Республикасының мемлекеттік тілі - корей тілі.


□Лингвистикалық және этнологиялық зерттеулер негізінде Корей тілінің Алтай тілдерінің құрамына кіретіндігі анықталды. Бұл топқа сонымен бірге түркі тілдері, моңғол тілі мен тунгус-манжур тілдері де кіреді.

□Корей тілінің хангыл әліппесі 15 ғасырда Сечжон патшаның ұсынысымен пайда болды.

□Хангыл алфавиті 10 дауысты және 14 дауыссыз дыбыстан тұрады



Діндер



- Сенбейтіндер
- Будда
- Протестант
- Католик
- Басқа діндер

1. Алғашқы патшалық мемлекет б.з.д. 37 - б.з. 668 жылдар аралығында өмірген сүрген Когурё мемлекеті.
2. Корё династиясы (918-1392) Ван Гон атты әскери қолбасшының күшімен құрылды. Корея түбегі алғаш рет осы династия кезінде бірікті.
3. 1960 жылдардан бастап Оңтүстік Корея қарқынды экономикалық дамуды өзіне мақсат ретінде қойды. Керемет жетістіктерге жеткен Кореяны "Ханган өзенінің бойындағы ғажайып" деп атады. Бүгінгі күні Корея Республикасы экономикалық көрсеткіші жағынан әлемде 13-нші орында.

Мәдениеті

✓ **Кенбоккун сарайы** 1395 жылы салынған. Сарайды Чон До Джон есімді сәулетші салыпты. Оның «Шығыс сарайы» (Чхандоккун) мен «Батыс сарайының» (Кёнхигун) солтүстігінде орналасқандығынан «Солтүстік сарай» атанып кеткен. Сеул қаласындағы бес сарайдың ішіндегі ең үлкені әрі ең әдемісі осы сарай. Корей елінің ұлттық этнографиялық мұражайы. Мұражайда 4000 құнды жәдігер бар Корей елінің бар болмысын, тарихын, мәдениетін айқындайды.



✓ Намсан тауы – Сеул қаласының нышаны. Шыңында субұрқақтары, Сеул мұнарасы, ботаника бағы, кітапхана орналасқан.



III деңгей

- Егер мен Кореяға баратын болсам, Сеулды аралап Ханган өзенінің бойында серуендеп, тарихи орындарына баратын едім.
- 1) Ұлттық кәдесыйлар; 2) Домбыра; 3) Ұлттық тағамдар
- 1) Ұлттық кәдесыйлар; 2) Ұлттық киім; 3) Әншілердің күйтабақтарын; 4) Косметикасын; 5) Халқының сыпайылығын.

IV Деңгей

- Кейбір салт-дәстүрлері, бала тәрбиесі, үлкенге құрметі, бейбітсүйгіштігі, бет-келбеттерінде ұқсас келеді, ғылыми мәліметке сүйенсек тілдері де ұқсас келеді. Мысалы: «чагын-шағын (маленький)», «бурак-булак(село)», «катал-қатал (требовательный)»
- Діні, климаты, тілі
- Осы профайлингті дайындауға 3-4 сағат уақытым кетті.
- Танымал тұлғалардың арасынан таңдап алу, екі ел арасындағы айырмашылықты табу қиындық туғызды.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ**